



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ  
ҚҰРАМДАС ҚҰРЫЛЫМЫ



# ДИПЛОМ

## II дәрежелі

ҚР Тұңғыш Президенті қоры сыйлығының иегері Qaztest.kz сайты мұғалімдер арасында ұйымдастырған қазақтың тұңғыш тарих ғылымдарының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханұлы атындағы III Республикалық Қазақстан тарихы қашықтық олимпиадасының жүлдегері

**Мамбетова Дария Сағидуллаевна**

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы Жарсай ЖББМ

Qaztest.kz олимпиада ұйымдастыру комитетінің төрайымы:  
профессор Г.С. Сұлтанбаева



Алматы, 2021

Тірлеу № D-196879





АКТЮБЕ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРІБЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

# СЕРТИФИКАТ

«Тарих және география сабақтарында  
инновациялық технологияларды қолдану»  
тақырыбындағы облыстық семинарға қатысқаны үшін

**МАМБЕТОВА ДАРИЯ САГИДУЛАЕВНАҒА**

БЕРІЛДІ

Директор м.а.



Ж.Сақоова

Ақтобе-2022

007453



АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӨДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

# II ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ

Тарих пәні мұғалімдері  
арасында өткен облыстық пәндік олимпиадада  
II орынға ие болғаны үшін

**МАМБЕТОВА ДАРИЯ САГИДУЛЛАЕВНА**

марапатталады

Директор



Ж.Нургалеева

Ақтөбе

қазан 2023 жыл



АКТОБЕ ОБЛЫСТЫК  
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

# СЕРТИФИКАТ

Есет Қотібарұлы мен Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толуына орай  
«ЕСЕТ ПЕН МАХАМБЕТТІҢ САЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ КЕЛБЕТІ»  
тақырыбындағы өңірлік ғылыми-практикалық конференциясына қатысқаны үшін

**МАМБЕТОВА ДАРИЯ САГИДУЛЛАЕВНАҒА**

БЕРІЛДІ

Директор



Ж.Нурғалиева

Ақтобе, 2023



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ»  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ  
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ



МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР  
ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ  
«ӨРЛЕУ»

# КУӘЛІК СВИДЕТЕЛЬСТВО

Мамбетова Дария Сагидуллаевна

қатысушының аты-жөні / Ф.И.О. участника

20 22 жылдың « 13 » - «     »  
тамыз аралығында

прошел(а) обучение на семинаре  
(вебинаре, тренинге) по теме

«Диалогтік оқыту арқылы оқушының коммуникативтік дағдыларын жетілдіру»

атты семинарда (вебинар,  
тренинге) 8 сағат көлемінде  
білім алды

в объеме 8 часов  
с 13 по     20 22 г.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының директоры  
Директор филиала АО НЦПК «Өрлеу»

М.А. Н.Трибаева  
қолы / подпись



Берілген күні  
Дата выдачи « 13 » тамыз 20 22 ж.  
г.

№ 130147

12.54



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ»  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ  
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ



МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР  
ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ  
«ӨРЛЕУ»

# КУӘЛІК СВИДЕТЕЛЬСТВО

Мамбетова Дария Сагидуллаевна

қатысушының аты-жөні / Ф.И.О. участника

20 22 жылдың « 06 » - «     »  
тамыз аралығында

прошел(а) обучение на семинаре  
(вебинаре, тренинге) по теме

«Тарих пәндерін тарихи концептілер арқылы оқытудың тиімділігі»

атты семинарда (вебинар,  
тренинге) 8 сағат көлемінде  
білім алды

в объеме 8 часов  
с 06 по     20 22 г.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының директоры  
Директор филиала АО НЦПК «Өрлеу»

М.А.Н.Трнабаева

қолы / подпись



Берілген күні « 06 »     тамыз 20 22 ж.  
Дата выдачи « 06 »     г.

№ 130103



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ, ДАМУ МИНИСТРЛІГІ  
КУРСЫҚ №17259-СІІ

# ДИПЛОМ

## III дәрежелі

ҚР Тұңғыш Президенті қоры сыйлығының иегері  
Qaztest.kz сайтында Дүниежүзі тарихы пәнінен  
өткізілген мұғалімдердің Республикалық  
қашықтық олимпиадасының жүлдегері

**Мамбетова Дария Сагидуллаевна**

Ақтабе облысы, Қобда ауданы Жарсай ЖББМ

Qaztest.kz олимпиада ұйымдастыру  
комитетінің төрайымы  
профессор Г.С. Сұлтанбаева



Алматы, 2021

Тірлеу № D-207836



2022

**ZERTTE  
CONFERENCE**



WOMEN

# СЕРТИФИКАТ

получает

Мамбетова Дария Сагидуллаевна

за участие в научно-технической конференции о современном образовании в Казахстане Zertte Conference, прошедшей 4 марта 2022 г.

4 наурыз 2022 ж. өткен Қазақстандағы заманауи білім беру туралы Zertte Conference ғылыми-техникалық конференциясына қатысқаны үшін беріледі.

Директор  
«Сәткер» ЖШС  
**БИЮМБАЕВА ЗАРИНА**  
«Сәткер» ЖШС



010013068



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ  
ҚҰБББ №17159-СБ

# ДИПЛОМ

## III дәрежелі

ҚР Тұңғыш Президенті қоры сыйлығының иегері Qaztest.kz сайтында  
Құқық негіздері пәнінен өткізілген мұғалімдердің Республикалық  
қашықтық олимпиадасының жүлдегері

**Мамбетова Дария Сағидуллаевна**

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы Жарсай ЖББМ

Qaztest.kz аясында ұйымдастыру  
комитетінің төрағасы  
профессор Г.С. Суәлімбаева



Алматы, 2021

Тіркелу № D-202786



№ А-0049265

## II ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ

[www.edulife.kz](http://www.edulife.kz) Республикалық қашықтық олимпиада сайты  
Қазақстан тарихы пәнінен ұйымдастырған онлайн олимпиаданың  
жүлдегері

Ақтөбе облысы, Кобда ауданы, Жарсай негізгі мектебі мұғалімі

**Мамбетова Дария Сағидуллаевна**

марапатталады.



Ұйымдастыру комитетінің төрағасы  
Албек Қуандықұлы



Түр Сүтпан қалымы  
19.01.2021 ж.





ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ

"Аbyroi.ART" - АБЫРОЙ- ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ БІЛІМ ПОРТАЛЫ



**Абырой**

білім порталы

# ДИПЛОМ БАС ЖҮЛДЕ

II мән 26 қаңтар аралығында «АБЫРОЙ» интеллектуалды  
білім порталы ұйымдастырған Республикалық  
"Үздік сабақ жоспары" байқауына қатысып,  
Бас жүлде иеленгені үшін

**Мамбетова Дәрия Сағадутпасевна**  
марапатталады

Оқу орны: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы  
Жарсай негізгі мектебі

Берілген күні: 01.02.2021

Тіркеу нөмері: АТ000770



Бас редактор  
Әбдірахым Назерке Ернарқызы

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жыл

Көпте басылған  
Тираж нөмері: 10 ҚДЗ0УУ00029361

ҚОҒДА АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ



# Мадақтала

## ГРАМОТА

Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім берудегі  
жоғары белсенділігі үшін Жарсай негізгі  
мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

**МАМБЕТОВА ДАРИЯ САГИДУЛЛАЕВНА**

МАРАПАТТАЛАДЫ

Бөлім басшысы  Н. Айжарыков



2019 жыл



**ELAB.ASIA**  
ACADEMY

# СЕРТИФИКАТ

Дария Мамбетова

«Заманауи педагогиканың сын-қатерлері немесе инновациялық мектеп деген не?»  
тақырыбы бойынша Халықаралық ғылыми - практикалық онлайн конференцияға  
қатысқанын куәландырады  
Күні: 2021 жылдың 16 қаңтары

свидетельствует о том, что принял (-а) участие в Международной педагогической  
онлайн конференции на тему: «Вызовы современной педагогике или что такое  
инновационная школа сегодня?»  
Дата: 16 января 2021 года

DIGITAL ACADEMY ELABASIA







**ЕСЕТ КӨТІБАРҰЛЫ МЕН МАХАМБЕТ ӨТЕМІСУЛЫНЫҢ  
ТУҒАНЫНА 220 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ  
«ЕСЕТ ПЕН МАХАМБЕТТИҢ СЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ КЕЛБЕТІ»  
Өңірлік ғылыми-практикалық конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Ақтобе – 2023**



## ЕСЕТ БАТЫРДЫҢ ЕРКІНДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Мамбетова Дария Сагидуллаевна  
Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жарсай негізгі мектебі

Есет батыр Көтібарұлы - халықтың әйгілі батырларының бірі. Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы, Алшын тайпасының Әлімұлы тармағынан тарайтын Шекті руының, Қабак аймағының, Қарабас аталығынан шыққан және өз аймағының басқарушысы болған. Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы Шалқар көлінен жеті-он шақырым жердегі Ақши бойында дүниеге келген.

XVIII-XIX ғасырларда патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты мен Хиуа, Бұхар, Қокан хандықтарының шапқыншылығына қарсы қазақ елінің ірі-ірі ұлт-азаттық көтерілістерінің болғандығы тарихтан белгілі.

Есет батыр Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі 1847-1858 жылдар аралығында 11 жылға созылған. Бұл көтеріліс Арал теңізінің батыс жағалауын, Үлкен және Кіші Борсық құмын, Үстірт, Дөңызтау, Асмантай-Матай өңірін, Жем, Сағыз, Елек, Қобда, Ойыл, Қиыл өзендерінің бойын мекендеген қазақтардың көтерілісі болатын. Көтерілістің негізгі себебі — патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының нәтижесінде қазақ жеріне әскери бекіністер салынып, құнарлы жерлерге орыс-казак атты жасақтары орналастыра бастауынан туындады. Патша билеушілері империяның мүддесімен сауда керуендері үшін, хиуалықтармен соғыс жорықтарына деп шаруалардан көптеген мал, жүк көлігін жинаған. Оның салмағы негізінен кара халықтың мойнына түскен. Мысалы, Ресей соғыс министрлігінің бас штабының подполковнигі Бламберг өзінің еңбегінде жазған: «Из 12 тыс. верблюдов, сопровождавших Хивинский поход, большая часть пала в снегах Киргизской степи от жестоких морозов» — деп көрсеткен. Бұлар халықтан тегін жинаған түйелер еді.[1] Кейбір тарихшылардың деректерінде Кіші жүз қазақтарына Орынбор әкімшілігінің жинайтын түгін салығының көлемі 1838 жылы — 17044, 1841 жылы — 57637, 1847 жылы 91247 сом болса, 1850 жылы 200000 сомға жеткен. Сол кезде әр қойдың құны 1 сом 50 тиын болған. Ал салыққа 1847 жылы — 3500, 1852 жылы 8225 түйе, әрбір алты түйеге 1 адамнан жинаған. Керуенді жүргізетін қазақтар орыс казактарының адам төзгісіз зәбір-жапасын көрген. Орыс казактары әртүрлі сылтаумен жергілікті ауылдарды шауып, малдарын айдап, шаруаларды құнарлы жерлерден ығыстыра бастаған. Осы әрекеттер жергілікті халықтың шаруа шарқын бұзып, берекетін алып, күйзеліске ұшыратты. Халықты патша билігіне қарсы көтеріліске мәжбүр етті.

Есет Көтібарұлы бастаған көтерілістің негізгі орталығы — сол кездегі ең ірі тайпалардың бірі Шекті елі 12800 түгіндік 85 мың жанды құрайтын. Көрші Адай, Кете, Табын, Төртқара елдерінің шаруалары да осы көтеріліске қосылған. Патшаның басқыншылығы мен Бұхар, Хиуа хандықтарының шапқыншылығына қарсы және патша өкіметінен шен-шекпен киіп, алтын алқа тағып, патшаның қолдауына сенген Баймағанбет Айшуақов, Арыстан Жантөрин, Мұханбетқали Тәукин, айдаһар топтардың қазақ елін қосыла тонауына ызаға толы кектенген Кіші жүз елінің көтерілісі 1847 жылы басталған болатын. Көтерілістің көсемі Есет батыр — атышулы, ерлігі аңызға айналған Көтібардың бел баласы. Арғы атасы Бәсеннің 5 ұлы болған. Оларды «Бес Бәсен» деп атаған. Жандәулет, Ақпан, Тоқпан, Көтібар, Көбес — әрқайсысы да тарихта аты қалған тұлғалар.

Көтібардың алты баласының біреуі, бірегейі Есет батыр 1803 жылы Ұлы Борсықта, Шалқар көлі жағасында Аққолтық деген жерде дүниеге келген. Өкесі Көтібар «баламның атын Тама Есетке ұқсасын, Есет қоямын» деп, Тама Есеттің басына үш рет түнеп, рұқсат сұраған екен.



Аруақты бабамыз Тама Есет: «Баланың атын Есет қойсаң қой, кем болмас, ол да аруақты батыр болар, елін қорғар», — деп аян берген екен деген сөз бар. Заманына сай Есет жас кезінен-ақ Кіші жүздің орта бөлігіндегі қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысқан. 1833 жылы Қабак, Тілеу руларының аға биі және батыры, әкесі Көтібар Орынбор әкімшілігінің жергілікті руларды бір-біріне айдап салу саясатының құрбаны болғанынан кейін Есет ел тағдыры үшін күреске белсене кіріскен. 13 мыңға тарта шаңырақтағы 90 мыңға тарта адамның қолдауын тапқан.

Тарихшы ғалым Т.Төлепбергенов өзінің «Есет батыр» атты кітабында Есет Көтібаров туралы оның өмір сүрген заманындағы Герценнің «Колоколы» (1857), Чернышевскийдің «Современникі» (1851), сондай-ақ, «Всемирная иллюстрация» (1880), «Русский художественный листок» (1858) журналдарында, сонымен қатар 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі беделді орыс оқымыстылары мен зерттеушілері, әлемге әйгілі зоолог Н.А.Северцевтің, шығыстанушы, өкінішке қарай, Есеттің ата жауы болған В.В.Григорьевтің, Л.Мейердің, Е.П.Ковалевскийдің, А.Добромысловтың басқа да ғалымдардың еңбектерінде, қолжазбаларында кеңінен баяндалғанын айтады. Олардың көбі-ақ өздерінің империялық идеологияның сойылгерлері екеніне қарамастан, Есет Көтібаровтың өз заманындағы әйгілі адам болғанын мойындап, шындық тұрғыдан деректер жазғаны келтірілген.

«Русский художественный листоктың» 1858 жылғы I қарашадағы 51-санындағы мақалада: «Есет Көтібаров известный возмутитель Киргизской степи Малой-Орде. Имя Исета в Малой-Орде было также грозно, как и соотечественника его Кене-Сары, убитого в сороковых годах или как имя героя Кавказского Шамиля», — деп жазылған. Одан әрі: «55 жаста, ұзын бойлы, сирек қара сақалды, қодрен мұртты. Оның беті жүзінен қайырымдылық пен сергектік, тұнық әрі сабырлы көздерінен терең ой, ақылдылық, салмақпен айтқан әңгімелерінен оның қазақ болмысын терең білетіндігі және кең парасаттылығы байқалады. Оның әділдігі мен туралығы мол адамгершілік иесі екендігін көрсетеді», — деп Есет батырдың адами бейнесін анық та ашық бейнелеген.[2]

Орыстың белгілі ғалымы әрі жазушысы Е.П.Ковалевский 1839-1840 жылдары Хиуаға сапарында Есет Көтібарұлымен кездескен. Ол өзінің жазбаларында: «Есет дене бітімі Геркулеске келеді, оның шойыннан құйылғандай кесек пішіні, табиғатына сай сұлулығы, жанкешті батырлыққа толы әдіс-айласы Европа адамын қайран қалдырса, өз отандастарын тәтті етіп, табындырып қоярлықтай еді», — деп көрсеткен.

Есет туралы тарихи деректер жазылған кітаптар, ел аузында айтылатын аңыз әңгімелер көптеп кездеседі. Жазушы Ғалым Ахмедовтің 1992 шыққан «Жем бойында» деген романында Есет бастаған көтерілістің тарихы, сол кездегі Кіші жүз тайпаларының әлеуметтік-тұрмыс жағдайлары, патша отаршылдығына қарсы арпалыс, көтеріліс басшылары туралы өте мазмұнды баяндалады.

Есет батыр бастаған 1847-1858 жылдардағы Кіші жүз көтерілісіне аумақтық бақты тайпа бірлестіктері — Әлім, Байұлы, Табын, Тама, Жағалбайлы руларының басшылары мен көзі ашық адамдары да қосылып, өздерінің ортақ жауларына қарсы күш біріктірген, қолдау көрсеткен. Есет олармен тығыз байланыста болған. Жанқожа батырмен бірге Сыр бойы елінің хиуалықтарға қарсы соғысына тікелей қатысқан. Исатай Таймановпен де інеттес, пікірлес болса, Кенесары Қасымовпен, оның балаларымен де қатынас жасап отырған.

Профессор М.Вяткин: «Есет Көтібаров қозғалысы қазақтардың XIX ғасырдың 50-жылдарындағы ірі көтерілісі болды», — деп баға берген. 1838 жылы табын Жоламан батырдың шаруалар көтерілісіне қатысқан.[3]

Есет Көтібаров патша билеушілерінің елге жасап отырған қиянат-өзбырлықтары туралы патша әкімшілігіне өзінің наразылығын білдіріп хаттар, ұсыныстар жазып отырған. 1853 жылдың тамызында Қабак, Тілеу, Назар, Шүрен, Адай, Кете, Жақайым, Жаңғылыш, рулардың би-ақсақалдарын жинап ақылдасып, қыркүйектің 11-інде патша әкімшілігіне хат



жазған: «Аға сұлтан Арыстан Жантөрин қазақтарға күшпен қиянат жасап, 4000 түйені қонымен, азық-түлік, киім-кешегімен алған. 500-600 түйені көшімен беруді талап етуде. Бұл зорлық және заңсыз. Халық ауыр салық беруден титықтады. Ұлы Патша сіздерге ордалықтардан түйе жина деп жарлық бермеген болар. Қазақ қауымы түйе, адам беруден бас тартады», — деп тура әрі мысқылды хат жолдаған.

Бұл хатқа ашуланған Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский аға сұлтан Арыстан Жантөринге 1000 қылыштық орыс-қазақ, башқұрт отрядын жіберіп, халықтан зорлап түйе жинауға, ал Есетті ұстап, Орынборға әкелуге пәрменді бұйрық берген. Оған аға сұлтан Мұхамбетқали Тәукин бастаған 250 орыс-қазақ отряды шыққан. Осы хабарды естіген Есет елді соңынан ертіп, Үстірт, Матай, Сам бағытына көшіп, ұстатпай кетеді. Қуғыншылардың жолындағы құдықтарды көміп, оларды шөлден қатырады.

Дегенмен, 1854 жылы барон Врангель бастаған жазалаушы отряд Шошқакөлде отырған Есет ауылының үстінен шығып, ауылды қоршауға алады. Ертеңіне адамдар босқа қырылмасын деп, Есет ақ жалау ұстап өзі ортаға шығады, келіссөз қорытындысында Есет: «Патшаның әскери бекіністеріне бұдан былай шабуыл жасамаймын, Орынборға өзім барамын», — деп сөз береді. Бірақ, Есетті «патша әкімшілігінің алдауына түссенің, сені өлтіреді, барма», — деп қаруластары жібермей қояды.

«Русский художественный листок» Есет туралы: «Но все же Есет имел огромную популярность и много приверженцев, все же был национальным героем», — деп баға берген. Аға сұлтан Арыстан Жантөрин Есетті қудалауын жалғастыра береді. Сұлтан Арыстан басқарған жазалаушы отряд Елек өзенінің жоғарғы саласындағы Суықсу шатқалына келіп тоқтағанда, 1855 жылы 8 шілде күні таң ата Есет, Бекет, Ерназар бастаған көтерілісшілер Арыстанның шатырына шабуыл жасап, өзін өлтіріп, ондаған болыс-билерін жазалап, отрядын тас-талқан етеді. Арыстан төрені өлтіргеннен кейін Есет бастаған көтерілісшілерді тұншықтыру, батырды ұстау мақсатында арнайы жазалаушы отрядтар шығарған. Орынбордан полковник Кузьминский бастаған 600 қылыштық орыс-қазақ отряды, Башқұр полкінің толық құрамы, Орскіден және Ырғыз әскери бекіністерінен 800 қылыштық күш қосылып, көтерілісшілерді жан-жақтан қыспаққа ала бастайды. 1858 жылдың жазында Орынбор генерал-губернаторы Катенин көп әскерімен шығады. Көтерілісшілер елді қырғыннан сақтап қалу үшін Доңызтау үстірті, Асмантай, Матай аймағына көшіріп, өздері жау отрядына шағын топтармен тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды көп шығынға ұшыратып отырады. Жазалаушы отрядтар жолшыбай бейбіт отырған ауылдарды тонаған.

Мысалы, бір ғана Кузьминскийдің отряды 164 ауылды тонаған. Ресей соғыс министрлігінің полковнигі Л.Мейер: «Отбитый Кузьминским и Плотниковым в 1855-1856 годах скот был продан на линии за 79360 рублей» — деп көрсеткен. Бір деректерде: «Бүлікшіл қырғыздардан алынған малды сатқанда барлығы 125241 сан құрады», — деп көрсетілген. Егер де сол кездегі бағамен бір жылқының құны 3 сом 50 тиын, 4 сом болса, халықтан қанша мал тоналғанын есептеуге болады. Тек Шаған бойындағы Ерназар Кенжалиннің ауылын шауып, 350 жылқы, 200 түйе, 50 қой, 4 ірі қара, 11 семьяны айдап алып кеткен, 8 адамды табанда өлтірген. Ұсталған көтерілісшілер, басшылары да қатаң жазаға тартылған.

1857 жылы наурыз айында Ерназар Кенжалин, Бекет Серкебаев, Оразалы Ахметов, т.б. 18 адам Сібірге жер аударылады. Осы жылдардан кейін Есеттің жасақтары сирей бастайды. Есетке ой келеді. Көтерілісті жалғастыра ма, елді сақтап қалу үшін қаруды тастап, мойынұсына ма? Патша үкіметінің зеңбірек, мылтық, басқалай ұтымды қаруланған атты қазақ әскерін жай қылыш, найзамен жеңе алмайтынына көзі жеткен дана Есет патшаға өзі берілуді жөн көрген.[4]

1858 жылы Орынбордың генерал-губернаторы Катенин 11 жыл жеңе алмаған, айласы асқан Есет Көтібаровтың қарулы қозғалысының айбынымен санасып және қалың елдің қаһарынан сескеніп, Есеттің ұсынысын қабылдап, келісімге келіп, оған кешірім жариялаған. Есет ауылы



**Есет Көтібарұлы мен Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толуына орай  
«ЕСЕТ ПЕН МАХАМБЕТТИҢ САЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ КЕЛБЕТІ»  
ОҢІРЛІК ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

Үстірттен ата қонысы Ұлы құмға көшіп келген. 1858 жылы тамыз айында батыр бабамыздың айбаты мен атағын сыйлап, ел ішіндегі шексіз құрметі мен беделін мойындаған губернатор бір топ сұлтан-билермен бірге Петербургке жіберіп, бұларды 24 тамызда патша Александр II қабылдап, 13 күндей жатып, патшаның жарлығымен сый-сияпат алып, қазынаға салық төлеуден босатылып, елдеріне қайтқан.

Есет Көтібарұлының атақ-даңқын, беделін өздерінің қызметіне пайдалану ниетімен патша әкімшілігі оны 1861 жылы Шектілердің басын біріктірген Қабақ бөлімшесінің басқарушысы етіп тағайындаса, 1869 жылы Ырғыз уезі бастығының кіші қызметкері болып бекіткен. Бірақ та Есет баба патшаға іштей беріліп қызмет жасамаған. Өз елінің бірлігі мен тыныштығына қызмет еткен.

1880 жылдың қысында жалпақ қояндағы қыруар малдың шығынына байланысты Есет жоғарғы үкімет орнына шағым беріп, Орынбордың генерал-губернаторының ұсынысы бойынша 1883 жылы батырға жылына 300 сом зейнетақы тағайындаған. Есет бабамыз 1889 жылы қартайып барып дүниесін салды. Ол өз елінің құрметіне бөленіп, елінің тағдыры жолында аяусыз күресті. Басын қатерге тіккен ұлт-азаттық қозғалысы жеңіліс тапты. Патша империясы аяусыздықпен басты. Дегенмен, көтеріліс жеңіліс тапқанмен, оның зор тарихи маңызы болды.

Есет Көтібарұлының Шалқар ауданындағы мазары Ақтөбе облысы бойынша «Қазақстанның киелі орындарына» жатқызылған 100 нысанның қатарына енді. Есетке байланысты әлі күнге дейін ғажайып бір құбылыс бар. Ағайынды Есет, Дәрібай кесенесі күре жолдың бойында тұр. Ерсілі-қарсылы өткен автомашиналардың барлығы тоқтап өтеді. Тіпті өзге ұлттар да тоқтайды. Себебі, тоқтамай өткен автомашина не бұзылады, не аударылады. Кеңес заманынан бері солай. Басына түнеп, обыр ауруынан жазылып кеткен адамдар өте көп.

#### **Пайдаланған әдебиет**

[1] 2 бет, Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 3 том;

[2] 2 бет, «Тарихи тұлғалар» кітабы.

[3] 3 бет, Даланың дара ділмарлары.-Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2001, — 592 бет.

[4] 4 бет, Дала Геркулесі. Тауман Төреханов. – Алматы: Атамұра Корпорациясы, 2008. ISBN 9965-21-804-8